



**Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Экспорттық бақылау және лицензиялау департаментінің мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 9 қазан N 1029. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.27. N 657 қаулысымен. ~P990657

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 шілдедегі N 686 P980686_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 23, 201-құжат) сәйкес және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі отырысының 1998 жылғы 19 мамырдағы N 2 хаттамасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау департаментінің құрылымы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізсін.

3. Осы қаулы оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 9 қазандағы
N 1029 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және

сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және
лицензиялау департаменті туралы
ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау және жоғары технологиялық индустриялы өндіріс саласында дүние жүзілік экономикаға кірігуінің жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ лицензиялау негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін реттеу.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экспорттық бақылау және лицензиялау департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерін экспорттық бақылау және лицензиялау (лицензиялауды Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің басқа ведомстволары жүзеге асыратын қызмет түрлерінен басқа) саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ведомствосы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік стратегиясының мақсаттары мен басымдықтарын басшылыққа алады.

3. Департамент аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Департаменттің штат санын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі бекітеді және Департамент директорының ұсынуы бойынша айқындалады.

5. Департамент заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

II. Басымдықтары

6. Департамент қызметінің негізіне мынадай басымдықтар алынады:
сыртқы экономикалық қызметті тарифсіз реттеу саласында Қазақстан Республикасының саяси мүдделерін іске асыру;
жаппай қырып-жою қаруын және қарудың басқа да түрлерін таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау;
экспорттық бақылауға және ұлттық мүддедегі бақылауға жататын өнімнің заңсыз айналым тәсілдерін анықтау және оның жолын кесу;
лицензиялау процестерін және лицензиялық шарттардың орындалу мониторингін жандандыру.

III. Департаменттің негізгі міндеттері

7. Өз қызмет аясында Департамент негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп сыртқы экономикалық қызметті тарифсіз реттеу және жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты айқындауға және жүргізуге қатысу;

экспорттық және импорттық бақылау, жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау жүйесін іске асыруға байланысты шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

экспорттық және импорттық бақылауды реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлерін лицензиялауға қатысу;

мемлекеттік бақылауға жататын өнімді Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз алып өтудің жолын кесуде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

лицензиаттардың лицензиялық шарттарды сақтауын бақылауға қатысу;
бірыңғай республикалық деректер базасына кірігетін ақпарат базасын құру;
кеден бақылауының автоматтандырылған жүйесімен үйлесетін экспорттық бақылаудың автоматтандырылған жүйесін жетілдіру;

Департаментке жүктелген өзге де міндеттер.

IV. Департаменттің функциялары

8. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мына функцияларды жүзеге асырады:

өз құзыретінің шегінде мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді ;

экспорттық бақылау мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың және олардың органдарының жұмысына қатысады;

қару-жарақтың, әскери техниканың және екі ұдай мақсаттағы өнімнің экспортына бақылау жасайды;

сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеуге қатысады;

экспорттық бақылауға жататын өнімді лицензиялауды жүзеге асырады;

лицензияланатын сыртқы сауда мәмілелеріне экономикалық талдау жүргізеді және өтінімдерге сараптық баға беруді ұйымдастырады;

экспорттық және импорттық бақылауға жататын өнімнің бақылау тізімдері мен ұлттық тізбелерін әзірлейді және оларды үйлестіреді;

жүкті түсіру алдындағы кезеңде өнімді тексеруден өткізуге қатысады (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша);

өнімнің түпкі пайдаланылуы бойынша инспекция жүргізеді (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша);

экспорттық және импорттық бақылауға жататын жүктің орын ауыстыруына бақылауды ұйымдастырады;

импорт кезінде өнімнің түпкі пайдаланылуы туралы сертификаттар береді (Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша);

экспорттық бақылауға жататын өнімді қайта экспорттауға рұқсат береді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне құжаттар береді;

бақылаушы органдармен бірге лицензиялық ережелерді сақтау жөніндегі бірлескен шараларға қатысады;

қызметтің лицензияланатын түрлеріне біліктілік талаптарының өлшемдерін әзірлейді;

қызметті тиісті лицензиясыз жүзеге асыратын субъектілерге қолданылып жүрген заңдарда белгіленген санкцияларды қолдану жөнінде ұсыныстар енгізеді;

лицензиялық шарттардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

лицензиялар беру үшін негіз болып табылатын техникалық аудитті өткізуді ұйымдастырады;

берілген лицензиялар туралы деректер банкін жүргізеді және лицензия алған кәсіпорындардың тізілімін жасайды;

лицензия істері архивінің сақталуын қамтамасыз етеді;

лицензиялық қызметті ақпараттық-анықтамалық, консультациялық қамтамасыз етуді және үйлестіруді орындайды;

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетімен бірлесіп қызметтің лицензияланатын түрлерінде қолданылатын стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функциялар.

V. Құқықтары

9. Департамент өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерін орындауы кезінде:

орталық және жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтардан Департамент қызметінің аясына жататын құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдар мен ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

өз құзыретінің шектерінде экспорт-импорт операциялары, қару-жарақ, әскери техника мен екі ұдайы мақсаттағы өнімнің экспортын бақылау мәселелері жөнінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға;

экспорттық және импорттық бақылау саласында бірыңғай саясат

жүргізуге және лицензиялық шарттар мен ережелердің орындалуын қадағалауды жүзеге асыруға;

сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін заңдарда белгіленген тәртіппен мамандарды тартуға;

өз құзыретінің шегінде заңдарда белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және бекітуге, экспорттық және импорттық бақылау саласында орындалуы міндетті нұсқаулар беруге;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

VI. Департаменттің және оның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі

10. Департамент өз қызметін жүзеге асыруы кезінде өз миссиясының, Департаментке жүктелген міндеттер мен функциялардың уақытылы және сапалы орындалуы үшін жауап береді.

11. Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін

Директор жеке жауап береді;

Департамент қызметкерлері өз міндеттерін орындамағаны және тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауап береді.

VII. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

12. Департаментті Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

Департамент Директорының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

13. Департамент Директоры:

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Департаментті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын, Департаменттің басқа да қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

өз қызметінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, соның ішінде лауазымдық жалақыға қосымша ақы мен үстеме ақы белгілеу, сондай-ақ бекітілген еңбекақы қорының шегінде сыйақы төлеу туралы Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің басшылығына ұсыныстар енгізеді;

бөлінген штат саны мен еңбекақы төлеу қорының шегінде Департаменттің штат кестесін бекітеді;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

14. Департаменттің қызметін оның бөлімшелері мен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің жалпы мақсаттағы қызметтері қамтамасыз етеді.

15. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату заңдарда

белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 9 қазандағы
N 1029 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және
сауда министрлігі Экспорттық бақылау және лицензиялау
департаментінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық
Экспорттық және импорттық бақылау басқармасы
Лицензиялау басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК